

«Бекітемін»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары *А.Бисенова*

«___» _____ 2026 жыл

**№296 орта мектебінде «Шебер қолдар» үйірмесінің
2026 оқу жылына арналған
жарты жылдық жұмыс жоспары**

Үйірме жетекшісі: Абдраманова Жанар Сағатбековна

Сағат саны: аптасына 1 сағат, барлығы 17 сағат

Сынып: 5-7 сынып қыздар

Қызылорда, 2026 жыл

1. Түсінік хат:

Көркем еңбек – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын, практикалық дағдыларды меңгертуге арналған пән. Бұл пән эстетикалық тәрбие беру мен қолөнер саласындағы дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. 5-7 сынып оқушылары үшін үйірмеде көркем еңбек түрлерін, әсіресе, қолмен жасалатын бұйымдар мен сурет өнерінің негізгі принциптерін меңгерту көзделеді. Үйірме жұмысында оқушыларды шығармашылық әрекетке баулу, өз ойларын бейнелеу, қолөнер саласында шеберлік танытуға жағдай жасау мақсат етіледі.

«Шебер қолдар» үйірмесінде оқушыларға әртүрлі көркем өнер түрлері (сурет салу, канва сеткамен сумка тоқу, моншақтармен тоқу жұмыстары, құрақ түрлерін тігу, алжапқыштар тігу, жастықша тігу, фетрмен жұмыс, аспаздық тағам түрлерін пісіру және т.б.) таныстырылады. Әрбір сабақ оқушыларға жаңа білім мен дағдыларды игертуге бағыттталып, қолмен жұмыс жасау арқылы олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға үлес қосады.

2. Үйірмеде жүргізілетін жұмыстардың мақсаты:

- **Шығармашылық қабілеттерді дамыту:** Оқушылардың сурет салу, сәндік , қолданбалы өнерді жасау дағдыларын қалыптастыру.
- **Қолөнер және сәндік қолданбалы өнермен таныстыру:** Тоқу, тігу, сурет салу, кию, сәндеу, әшекейлеп безендіру, ою ойю, аспаздық шеберлік сияқты жұмыс түрлерін меңгерту.
- **Табиғатқа және қоршаған ортаға сүйіспеншілікті тәрбиелеу:** Табиғат материалдарын қолдана отырып, қоршаған ортаға қамқорлық танытуға үйрету.
- **Жеке шығармашылық жұмыстарды дамыту:** Әр оқушының шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, еркін ойлауын ынталандыру.

3. Күтілетін нәтижелер:

- Оқушылар өздерінің шығармашылық жұмыстары арқылы қолөнер және көркемдік шығармашылық саласындағы дағдыларын жетілдіреді.
- Әрбір оқушы жеке шығармашылық жобаларды жүзеге асыру арқылы өзіндік өнер туындыларын жасайды.
- Оқушылар практикалық жұмыс кезінде ұқыптылық, жауапкершілік және еңбекқорлықты үйренеді.
- Шығармашылық жұмыстарды орындаудағы қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын меңгереді.
- Оқушылар көркем еңбек шығармашылығы арқылы өздерінің өзін-өзі бағалау қабілеттерін арттырады

4. Қауіпсіздік ережелері:

1. **Жұмыс орнын дайындау:** Әрбір оқушы жұмыс істейтін орында таза және ұйымдасқан болуы қажет. Жұмыс үстелі мен құрал-саймандарды реттеп, пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.
2. **Құрал-саймандарды дұрыс пайдалану:** Өткір немесе қауіпті құралдарды (қайшы, пышақ, иіні т.б.) тек мұғалімнің нұсқауымен қолдану.
3. **Қолөнер материалдарына назар аудару:** Қолданылатын материалдардың (пластик, бояу, мата, сетка, жіптер, ине мен кручоктар т.б.) қауіпсіздігін тексеру.
4. **Өрт қауіпсіздігі:** Жұмыс орнында ашық от қолданудан аулақ болу, электр құралдарын дұрыс пайдалану.
5. **Құралдарды сақтау:** Барлық құрал-саймандар жұмыс соңында мұғалімнің көмегімен тиісті орындарға қойылуы қажет.
6. **Қолды қорғау:** Қолға қолғап кию қажет болған жағдайда, соны пайдалану.
7. **Жұмыс барысында алаңдамау:** Оқушыларға шоғырлану мен қауіпсіз жұмыс істеуге арналған ескертпелер.

5. Қорытынды бөлім:

« Шебер қолдар» үйірмесінің жұмысы оқушылардың шығармашылық әлеуетін толық ашуға бағытталған. Бұл үйірме арқылы балалар өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін дамытып қана қоймай, жалпы еңбекке деген қызығушылықтары да артады. Әрбір сабақ қызықты әрі пайдалы болуы тиіс, өйткені бұл оқушылардың жеке қабілеттерін әрі қарай дамытуға мүмкіндік береді.

Жарты жылда жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде әр оқушы өзінің алғашқы шеберлік деңгейіне қарай шығармашылық жобаларды жүзеге асыра алады. Үйірме жұмысы соңында оқушылардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру жоспарланып, оларды ата-аналар мен мұғалімдерге таныстыру арқылы оқушылардың қол жеткізген жетістіктері атап өтіледі. Үйірменің қорытынды кезеңінде оқушылар өз қолымен жасаған шығармашылық туындыларын көрсету арқылы жаңа дағдыларын практикалық тұрғыда көрсетеді.

**2026 оқу жылы бойынша көркем еңбек пәнінен 5-7 сынып оқушыларына арналған
«Шебер қолдар» үйірмесінің жарты жылдық жұмыс жоспары**

№	Сабақ тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны	Күтілетін нәтиже	Өткізу мерзімі, күні
1	«Шебер қолдар үйірмесі» кіріспе	«Шебер қолдар» үйірмесінің маңызы, тақырыптары, жұмыстың түрлері мен қауіпсіздік ережелері.	1 сағ	Оқушылар пән туралы жалпы түсінік алады, қауіпсіздік ережелерін меңгереді.	
2	Бисермен жұмыс	Бисерлерден әртүрлі әшекей бұйымдарын жасау	1 сағ	Оқушылар бисермен өру техникасын үйренеді, бұйым жасау дағдыларын меңгереді.	

3	Ою-өрнектер стилизациясы (ою түрлері, кию жолдарын көрсету)	Әр түрлі оюлар (қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, түйе табан оюларымен танысу	2 сағ	Оқушылар оюлар түрлерімен танысады, оюды кию жолдарын үйренеді	
4	Тоқу өнері (тоқыма жіптермен заманауи канва сетка сумка тоқу)	Тоқудың негізгі әдістері, шілтер, жіптермен заманауи канва сумкасын тоқып жасау	2 сағ	Оқушылар тоқу техникасын үйренеді, қолөнер шығармашылығын дамытады.	
5	Тігу және сәнді бұйымдар жасау (заманауи жастықша тігу, құрақ түрлері ши және жұлдызша құрағын тигу, әшекейлеу)	Тігін бұйымдар үлгілерін тігу, сәндік құрақ көрпешелерді әшекейлеп жасау.	4 сағ	Оқушылар тігу және сәндік бұйымдар жасауды меңгереді.	
6	Апликация техникасы (маталардан және	Қағаз, маталар мен басқа да материалдарда	2 сағ	Оқушылар аппликация және коллаж жасау	

	қағаздардан апликация техникасын үйрену)	н апликация жасау.		дағдыларын меңгереді.	
7	Аспаздық шеберлікті таныту (бауырсақ пісіру, дәмді салат дайындау)	Тағам түрлері мен салаттар жасау, ұннан жасалатын тағам түрлерін жасау	2 сағ	Оқушылар тағамдар жасау техникасын меңгереді, түрлі салаттар жасайды	
8	Декоративті- бейнелеу өнері (сәндік қолданбалы өнер заманауи әшекей бұйымдарын білезік, брошка жасау)	Сәндік- Қолданбалы өнердегі өрнек пен безендіру.	2 сағ	Оқушылар декоративті- бейнелеу өнерінің элементтерімен танысып, шығармашылық қабілеттерін дамытады.	
9	Қолданбалы өнерде табиғи материалдарды қолдану (жүннен панно жасау, гипстен копилка	Табиғи материалдар (гипс, жүн, т.б.) пайдаланып, бұйым жасау.	4 сағ	Оқушылар табиғи материалдармен жұмыс істей алады, экологиялық таза бұйымдар жасау	

	жасау			дағдыларын алады.	
10	Көкенистер мен жемістерден салат жасау	Көкенистер мен жемістерден салаттар дайындау	1 сағ	Оқушылар салат түрлерін жасауды меңгереді	
11	Шелкография технологиясымен киімдерге сурет салу және бояу және ДТФ техникасымен ою-өрнектерди киімге түсіру жолдары	Футболкаға шелкография техникасы арқылы персонаждар салу	4 сағ	Оқушылар футболкаға түрлі персонаждар түсіріп, бояу арқылы түс үйлесімділігін меңгереді. ДТФ техникасы арқылы киімдерге түрлі өрнектер түсіру	
12	Фетрден заманауи сумка тігу, торсық тігу технологиясы	Фетр матамен заманауи сумка торсықтар тігу	2 сағ	Оқушылар фетр материалдан торсық тігіп, әшекейлеу жұмыстарын меңгереді.	
13	«Қалдықтан келген гажайып»	Қалдық материалдар	2 сағ	Оқушылар баклашкадан, карт	

	қалдық материалдармен жұмыс	(баклашка, қағаз, картонно н)қалдықтарға қайта өмір сыйлау		ондардан, қағаздан түрлі бұйымдар жасауды меңгереді	
14	Квиллинг жасау (қағаздан аққу жасау)	Түрлі түсті қағаздардан квиллинг жасау	2 сағ	Оқушылар қағаздармен квиллинг техникасын жасауды меңгереді	
15	Папе-маше техникасымен ойыншықтар жасау	Салфеткадан папе-маше техникасымен бұйымдар жасау	1 сағ	Папе-маше техникасын жасауды меңгереді	
16	Газет түтікшелерден корзина тоқу	Газеттендер корзина тоқу техникасын үйрену	1 сағ	Оқушылар Газеттерден корзина тоқуды меңгереді	
17	Көрме жасау	Үйірме жұмыстарының қорытындысы	1 сағ	Оқушылар өздерінің шығармашылық туындыларын	

				дайындайды.	

Қорытынды:

Бұл жарты жылдық жоспар арқылы 5-7 сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері, көркемдік көзқарасы, қолөнер және бейнелеу өнері саласындағы дағдылары дамиды. Үйірмеде оқушылардың шығармашылық жұмыстары ұйымдастырылып, өздерінің өнер туындыларын көрсетуге мүмкіндік алады.

Жұмыстар нәтижесінде оқушылардың шығармашылық даму деңгейлері бағаланып, қорытынды көрме өткізіледі.